

К63.3  
К40

Сағди ҚАПАСҰЛЫ

КӨКЖАРЛЫ НАЙМАН  
БӨРТЕ ШЕЖІРЕСІ

70862 - ЦГБ\_ЧЗ - 250тг.  
Қ 63.3  
Қ 40  
Қапасұлы, Сағди.  
Көкжарлы Найман  
Бөрте шежіресі. - 100 б.  
Өскемен, 2006

*Қарға тамыр ел едік қашаннан-ақ*

**Сағди ҚАПАСҰЛЫ**

# **КӨКЖАРЛЫ НАЙМАН БӨРТЕ ШЕЖІРЕСІ**

*Екінші басылымы, толықтырылған*

Өскемен  
**«Медиа-Альянс»**  
2006 жылғы

**ББК 63.3 (2 қаз)**

**Қ 41**

**Кітап мұқабасындағы суреттер  
танымал фотожурналист Есімхан Орынбаевтікі.  
Мамай батырдың бейнесін салған  
Қазақстан Суретшілер Одағының мүшесі,  
белгілі қылқалам шебері Болат Кәрімұлы ИСИН.**

**Қ 41**      **Қапасұлы С.**  
**Көюкарлы Найман Бөрте шежіресі: Екінші басылым, толық-**  
**тырылған. – Өскемен Медиа-Альянс, 2006. – 100 б.**  
**ISBN 9965-704-88-7**

Автордың бұл туындысы еліміз егемендігін алып, тәуелсіз мемлекет болғанша – кеңес дәуірінде, – жабық тақырып саналып келген халық шежіресі хақында. «Көюкарлы Найман Бөрте шежіресі» аталғанымен шығарманың «Сөз басы орнына», «Түсініктемелер», «Сөз соңы орнына» атты тақырыптарында жалпы Қазақ тарихы, алыптар шоғыры іспеттес ұлы тұлғаларымыз, төл шежіреміз жайында тың деректемелер молынан беріледі.

Тарихи тақырыпқа дән қойған жазушының бұл еңбегі тарих сүйер қауымға, жоғарғы оқы орындарының студенттері мен мектеп оқушыларына арналады.

**Қ 1203020200**  
**00(05)-05**

**ББК 63.3 (2 қаз)**

**ISBN 9965-704-88-7**

**© Қапасұлы С., 2006**

Осы еңбегімді  
Көкжарлы Найман  
Бөрте ұрпақтарына  
арнадым



тырып шығартқан. Қайран асылдарымыз, студент кездерінен-ақ «ақ патша» құзғындарының құпия бақылауында, қуғын-сүргінде жүрсе де болашақ ұрпақтарының қамын ойлапты! Әлихан Бөкейханов демографияға ерекше мән беріп, Қарқаралы және Адай уездерін мекендеген рулардың шежіресін схемаға түсіріп, алғаш рет дәлді генеалогиялық карта жасапты. Ол өзінің шежірешілікке не үшін бой ұрғанын: «Көне қазақ жеріне басып кірген әлемге әйгілі парсы патшасы Кир мен Дари, Македон жиһангері Ескендір Зұлқарнайын (Александр Македонский – С.Қ.) да ең әуелі көшпелі халықтың жиған шежірелерін әскерлеріне арнайы тапсырмамен жинаттырып, өртеп отырған. Ешкі мен бұзау терісіне жазылған талай мыңдаған қолжазба-шежірелер от-алау болып жалындап, көшпелілердің келесі ұрпағының көзінен мүлде ғайып болған» – дей келіп, шежіренің кеңес үкіметі тұсында қол жеткізе алмай, әбден көмескі тартқан тарихымыздың маңызды бір тармағы екендігімен түсіндірген. Әлекең халқының өзіндік ерекшеліктері мен қасиеттері, мол мәдениетін, тұрмыс салтын, әдет-ғұрпын, сенім-нанымын, өнерін зерттеп, жазып айтарлықтай мұра қалдырған екен. Ол қазақ ұлтының жүздік, рулық, тайпалық құрылымын зерттеген, қазақтың шежіресін жазған тұңғыш ғалымдардың бірі. Мәселен, оның Павлодар мен Қарқаралы уездерін мекендеген қазақтардың және төре мен төлеңгіттердің шежіресін жазып, Ф.А. Щербина экспедициясы «Материалдарының» IV (1903 жылы) және VI (1905 жылы) томдарында жариялаған. Ал, қазіргі заманда XX ғасырдағы қазақтың ең әйгілі мемлекет қайраткері, тамаша ғалым, зерттеуші, публицист, әдебиетші, ұлт-азаттық қозғалысының серкесі Әлекеңнің – Әлихан Бөкейханның шығармашылық мұрасы тұрғысында айтылған, жазылған мәліметтерге көңіл аударсақ, неге екені белгісіз, оның шежірешілік қырына арналған бір ауыз сөз кездестіре алмайсыз. Ақиқатқа жүгінер болсақ, ғұлама Мұхамеджан Тынышпайұлының, профессор Халел Досмұхамбетұлының, Шәкәрім Құдайбердіұлының құрастырған шежірелері Әлихан шежіресінен әлде қайда кеш жарық көрген еді.

Жоғарыда мен Әлихан, Мұхамеджан, Халел сынды шежіре жазған зиялыларымызбен қатар Райымжан Мәрсекұлын да атаған болатынмын. 1902 жылы Санкт-Петербургтегі Император университетінің заң факультетін бітіріп Семейге келген Райымжан, сол жылдың 22 желтоқсанында ашылған Орыс география қоғамының Батыс Сібір бөлімінің Семей қаласындағы бөлімшесіне мүше-қызметкер болып қабылданды. Келесі, 1903 жылы осы қоғамға «Семей уезінің Бұғылы болысының қазағы, ақын Шәкәрім Құдайбердиев те

мүше болуға арыз беріп, мүше-қызметкер болып қабылданды». Міне, нақ осы жылдары Шәкәрім Райымжаннан Терістаңбалы наймандардың шыққан тегі жайында деректер алады. Райымжанның туған інісі Шерияздан жазып қалдырған деректерде «заманның дұрыс кезінде» оларда аталары Сасықбай бидің жазған «Терістаңбалы Найман шежіресі» болғандығы сөз болады. Өкінішке орай, би ұрпақтары қуғын-сүргінге ұшыраған тұстарда жоғалған, қасақана жойылған.

Бір таң қаларлық жәйт, ол осы бес алыптар да тарихшы емес болатын!

Қазіргі өзіміз пір тұтатын Мұхамеджан Тынышпайұлы – темір жол инженері, Әлихан Нұрмұхамедұлы (Бөкейханов) – орманшы-экономист, Райымжан Мәрсеқұлы – заңгер, Халел Досмұхамедұлы – әскери-дәрігер, Шәкәрім Құдайбердіұлы – ешқандай оқу орнында оқымай, өздігінен арабша, түрікше, парсыша, орысша хат танып, сауатын ашқан адам болғандығы баршаға аян.

Бұл мысалдан: «тарихты – тарихшылыр ғана жазу керек» деген соңғы жылдары, өздерін «нағыз тарихшымын» дейтін біздің «кеудемсоқ-ғалымсымақтарымыз» айтатын пікірдің ойжотамен, көрсекызарлық пейілден туған негізсіз байбалам екендігіне көз жеткіземіз.

Тарихымыз, тіліміз, ғұрпымыз, рухани қазыналарымыз төңірегінде соңғы оншақты жыл ішінде қыруар ғылыми жұмыстар жүргізіліп жатыр, ол егемен ел болғандығымыздың нышаны болса керек. «Ана тілі» газеті 1990 жылдан бастап жұртышылыққа сұрау салып, шежірелік мәліметтер жинап, оларды ғылыми айналыста жүрген деректермен сараптау негізінде жалпы Алаш жұртының тектену (немесе тек тану) бағдарламасын жариялағаны баршамызды қуантқан болатын. Бағдарламаны бүкіл қазақ иісті халық шын ықыласпен қоштап, қолдап, бұл мәселенің болашақ ұрпаққа ауадай қажеттілігін түсініп, қолда бар дерекнама-мәліметтерін жаудырған еді. Болашақта «Қазақ шежіресі» атты нақты тарихи деректерге негізделіп жасалатын іргелі еңбектің жарыққа шығуына жол сілтейтін іс деп түсініп, қолда барларын беруді өздерінің парызы санапты.

Қазақ, ел деп түп-түқияннан бері ата-бабалары шыққан және өзі өніп-өскең белгілі бір аймақты мекен еткен бірыңғай қандас, туыстас адамдар қауымдастығын айтады да, «тек» деп өзі тараған ата-бабаларын айтады. Тектену – шежіре тарқата білу, шежіре тарқату – тегін таба білу.

Өркениеті мейлінше дамыған елдерде баяғыдан-ақ шежіренің ғылыми жөн-жобасы мен қалыптасқан жүйесі барлығы баршаға аян.

Мәдениеті өркендеген өз билігі өзіндегі елдерде тарихтың орнықты бір тармағы боп әбден қалыптасқан дәстүрлі сала. Шежіренің көпкөп томдық жинақтары Аламания (Германия), Англия, Франция сияқты бірқатар европалық елдерде ғана емес, көптеген Шығыс мемлекеттерінде де ұдайы үстемелетіп, толықтырылып шығып тұрады. Міне, сирендіктен да әсіреинтернационализмге, орыстануға бейімделіп қалған өзіміздің кей «шолақ белсенділеріміздің» аузынан әлі күнге дейін «қазақ рушыл, жікшіл, шежірені жарыққа шығару оны тағы да сол былығына батырады» – деген негізсіз пікірлер мен күңкіл сөздердің естіліп қалатынына қабырғаң сөгіле қынжыласың. Сөздің расына жүгінер болсақ, шежірені білуге, сол арқылы өз тарихына үңілуге ұмтылыс танытқан адамды ағаш атқа мінгізіп, «ойбай, ол рушылдыққа, жікшілдікке бастайды, тегімізді білгеннен пайда жоқ, онда халық боп жарытпаймыз» – деген байбаламдардың бүгінгі таңда еш негізі жоқ. Осындай өз-өзінен әлдеқашан біртұтас халық болып қалыптасып кеткен қазақтың назарын «рушыл, жікшіл» деген пәтуәсіз сылтауларға қайта-қайта аудара беру, біреулердің әдейі қоңырсық, бықсық тірлігі үшін керек боп жүр-ау деген де ойға түсіретіні рас.

Ұлттың өзін-өзі тануы, өзіне тән рухани қазына байлықтарын, өткенін қастерлеуі, тарихына, әйгілі тұлғаларына ерекше ықылас білдіруі – оның тұла бойына туа бітіп, ана сүтімен сіңген аса бір ыстық та пәрменді табиғи сезімі емес пе?! Айта кететін бір мәселе, ол отарлықтың, отаршылдық «орыстандыру» бағытына қоғадай жапырылып, бас шұлғуды ең дұрыс жол деп білген біздің кей «саяси қайраткерлеріміздің, ғалымдарымыздың» халық болашағын ойлаудан қара басын күйттегенді артық санап, бұл салада жөн шешім іздеген қайсыбір ниеттерді «ұлтшылдық», «ескіні көздеушілік» деп басып тастап отыруды басқа жұрттармен салдыстырғанда әрдайым ерекше белсенділік танытқандары ұрпақ санасын тоқыратуға одан өрі «өлшеусіз үлес қосты».

Қазақ тарихында сондай «жабулы қазан» күйінде қалып келген салалардың бірі – шежіре тарқату еді. Қазақ шежіресі рудың, тайпалардың, ақсүйек тектілердің, жалпы халықтың тарихи хронологиясы. Ол атадан-балаға, ұрпақтан-ұрпаққа ұласудағы тарихи көріністердің және олардың отбасылық қарым-қатынастары, мұрагерлік құқықтары, туысқандық байланыстарының біртұтас жүйесі болып табылады. Қазақ арасында ежелден жалғасқан үлгісі бар бұл дәстүрге патша (Ресей) өкіметі қазақ жерін жаулап алысымен-ақ айрықша көңіл аударып, отарлауға көмегі тиеді деген ниетпен оны жинау үшін сайын даламыздың түкпір-түкпіріне арнайы жасақтал-



ған экспедициялар аттандырып отырған. Осындай экспедициялардың басшылары болған зерттеуші-ғалымдар: А. Левшин, И. Андреев, В. Вельяминов-Зернов, Н. Аристов, А. Харузин, Г. Грум-Гржимайло, т.б. жазып алған қазақ шежірелері бірталай ғылыми тұрғыда құндылығынан басқа түптің түбінде алысты көздеген пиғыл, кімнің қай руға жататынын анықтау арқылы оларды бір-біріне айдап салу, сөйтіп отаршылдықтың «бөлшекте де, билей бер» дейтін сыннан өткен ұранын жүзеге асыруға бағытталған саясат үшін де әбден керек болғандығын дәлелдеудің қажеті шамалы.

Осы мақсатты алға тарта отырып, басқыншылар бір руды екінші руға айдап салды, шапқа түртіп, араға сөз жүгіртті, арандатты. Қай-қайдағы жер дауын, жесір дауын, ел дауын арнайы қопсытып, өзара қырқыстыру нәтижесінде, қазақтың ата мекенін бірінен соң бірін ақырындап басып алуды мейілінше мүлтіксіз атқарды. Сөйтіп, аңқау қазағым рушыл жікшіл деген атқа келіп былықты. Бұл жымысқы саясат кеңес дәуірінде одан әрі өршітілді. Тапқа бөлу, топқа бөлу, жерге бөлудің түп-төркінінде де сол зымияндықтың салқыны жатқан-ды. Ақиқатын айтар болсақ, халық тарихының негізгі тармақтарының бірі саналатын – Қазақ шежіресі, тіпті көне замандардан бері небір ғаламат тосқауылдарға тап болып отырғаны тарихтан белгілі.

Еліміз егемендігін алғаннан кейін осылардың бәрі келмеске кеткен сияқты. Кең байтақ отанымыздың әр жерінен шежіре жинастырушылардың көбейуі, Аллаға шүкір егемендігіміздің арқасы болар. Елімізді отарлау саясатының уағында, кеңес дәуіріндегі коммунистік идеологияның әсерінен кеткен кемшіліктеріміз болса, соларды түгендеу, осы күнгі жалпақ табанымен жер басып жүрген «мен қазақпын» дейтін жұмыр басты пенденің міндеті болса керек. Арғы-бергі замана кезеңдерінде өткен елімізді, жерімізді қорғаған, халықтың бірлігін армандаған ата-бабаларымыздың алдында қарыздар екенімізді де естен шығармағанымыз жөн. Жер-жерде қолдарынан келгенше өткен өміріміз жайлы деректер, өткен ұрпақтарымыздың шежірелерін жинастырып, төменгі аталардан жоғары қарай оңай түсінетіндей нұсқада шежіре жасап, жүз-жүзге бөлінгенше, бәріміз бір қазақтың баласы екенімізді бүгінгі ұрпағымызға ұғындыра отырып, халқымыздың бірлігін арттыру баршамыздың негізгі мақсатымыз – деп түсінген жөн болмақ.

Өкінішке орай, соңғы жылдары қоғамдық және әдеби өмірде өз жеке басының ата-тегін ғана тарату, теріс-бұрыс, нақты фактілерді, тарихи құжаттардағы дерекнамаларды бұрмалаушылыққа бой алдыру – жайылып бара жатқан лай су тәрізді, – тарих бетін ластауда.

Шежіре де – тарихтың бір тармағы.

Тарих – халықтың киелі кітабы. Олай болса, шежіреге де қамқорлық пен қорғаныс қажет-ақ...

Сондықтан болар, өткен жылдың (2004) желтоқсан айында Алматыда, Білім және Ғылым министрлігі Орталық ғылыми кітапханасының қызметкерлері «Қазақ шежіресі және ұлттық танымның мәселелері» деген тақырыпта ғылыми-теориялық конференция ұйымдастырды. Конференцияда 22 баяндамашы Қазақ шежіресі хақында өз пікірлерін ортаға салды. Мәжілісті Орталық ғылыми кітапхананың директоры Күлжаһан Күлшәріпқызы Әбуғалиева ашып, бас қосудың мақсат-мүддесіне тоқталып өтті.

Конференцияны жүргізген Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының директоры Мәмбет Құлжабайұлы Қойгелдиев, шежіренің маңыздылығына, зерттелуіне қатынасты өз пікірімен бөлісті. Баяндамашылар академик Рәбиға Сыдық «Қадырғали би шежіресінің тілінің арқауы туралы», тарих ғылымының докторы Т. Омарбеков «XX ғасырдың 20-30 жылдарында қазақ зиялыларының шежіреге көзқарасы», филология ғылымдарының докторы, профессор Бабаш Әбілқасымов «Түркі шежіресі – тарихи, филологиялық еңбек», шежіре жинаушы, баспагер Олег Қанышұлы Халидуллин (конференция осы кісінің демеушілігімен өтті – С.Қ.) «Қазақтың біртұтас шежіресі», филология ғылымдарының докторы С. Негимов «Шежіре және қазақ жыраулары», тарих ғылымының кандидаты А. Қалыш «XVII–XX ғасырлардағы Жеті руға байланысты деректер мен құжаттар», тарих ғылымының кандидаты, доцент Б. Кәрібаев «Қазақ хандарының шығу тегі туралы (орта ғасырлық дерек мәліметтеріне талдау)», «Жеті жұрт» тарих әуесқойлары шаңырағының (клубының) директоры Мұхтархан Оразбай «Қазақ шежіресі мен қазақ тарихының қалыптасуы», ҚР Орталық мұражай бөлім меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты Н. Базылхан «Түрік-монғол этникалық бірлестіктерінің шежіресі жайында (Кеңе түрік, монғол, бітік ескерткіштері)», тарих ғылымының кандидаты А. Тоқтабаев «Ауызша тарихты зерттеудің қазіргі мәселелері», ақын, шежіретанушы А. Нысаналин «Замана сүзгісі» т.б. қазақ шежіресінің жиналу, зерттелу, жариялану мәселелеріне тоқталды.

Конференцияға қатысқан зиялы қауым өкілдері, тарихшылар, тіл мамандары, шежіретанушылар мен Орталық ғылыми кітапхана қызметкерлері бұл бас қосудың тұңғыш рет өткізілгендігін айрықша атап өтті.

Қорытындысында конференцияға қатысушылар тарапынан мынандай ұсыныстар жасалды: Орталық ғылыми кітапхана жанынан

«Шежіре зерттеу орталығын» құру, ел ішінде жиналмай жатқан шежірелерді жинау үшін экспедиция ұйымдастыру, шежірені оқып, ғылыми айналысқа түсіретін мамандар даярлау, шежірелерді жаңа технологиялық әдістерге түсіру, көшіру, қазақ шежіресіне байланысты конференцияны республикалық деңгейде жыл сайын жүйелі түрде өткізу.

Конференция барысында, алты тақырыпта «Дала тарихының шежіресі» атты кітаби – көрнектемелік экспозиция қойылды. Онда қазақ шежірелерімен қатар оның зерттеулерінің 300-ден астам жазба деректері қамтылған. Орталық кітапхана қорынан аса сирек кездесетін түпнұсқалар қойылды.

Конференция «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарлама аясында ұйымдастырылған.

«Шежіре зерттеу орталығын» құрудың басты мақсат-мүддесі, ол толыққанды, ғылыми негізде жүйеленіп құрастырылған «Қазақ шежіресін» жазып шығарумен қатар, сонау байырғы көне замандардан бастау алатын деректемелерді іздестірушілерге, зерттеушілерге, ғалымдарға және осындай үлкен де маңызды іске септіктерін тигізген әуесқой шежірешілерге де мейлінше көмек көрсету. Мінеки, осындай бұрын-соңды болмаған, игі бастама мен тың шаралар қандай деңгейде болсын шежіреге ыстық ықылас, жылы шырай, шын жүректен қызығушылық танытатын, көзі ашық, көңілі ояу ұлт өкілін бей-жәй қалдырмас деген ойдамыз.

Біздің шырайлы Шығыс Қазақстан өңірі, сонау өткен мыңжылдық соңында (VII-VIII ғғ.) тарих сахнасына көктей көтеріліп, қазіргі қазақ халқының құрамына кіріп отырған рулар мен ұлыстар арасында тұңғыш өзінің жеке хағандығын (хандығын, мемлекетін – С.Қ.) құрып, сол төл мемлекетінің тәуелсіздігі жолында, дүниені дүрсілкіндіріп, Алтай мен Дунай аралығындағы ондаған елдерге билігін жүргізген, айдаһар аранды Шыңғысханның сусар ішігінің алтын жағасына шеңгелін салып, онымен жиырма жыл жаралы арыстандай жағаласқан жауынгер Найман жұртының мәйегі ұйыған алтын бесігі – киелі өлке. Алтын Алтай мен қарабұйра қарт Қалбаның, тарландар төрі Тарбағатай мен шайырлар жайлауы Шыңғыстаудың қолатқойнаулары – тарих қоймасы. Мұнарлы Мұзтау мен маңғаз Мақаншы аралығына шұбала созылып жатқан Көмекей Әулие – Бұқардың толғауларына тиек болған Ақшәулі мен Қоңыршәулі, арқарлы Архат пен аңызды Аяғөз, бек ордасы Берел мен хан-ордасы Шілікті – халық шежіресінің шыңырауы. Үкілі Үркердегі Сарыбел мен Қалмақшоқы, Мәстектебе мен Егізтөбе, Басқытау мен Аш-Кезең – ұлт

қаһарманы Үзын Оқты Ондан сұлтан қаза болған – үранды мекен Арайлы Айыртау мен томағалы Толағай, Тасөткел мен Қос-Төбе - таңбалы жерлер; Ақжайлау мен Сандықтас – талай сал-серілер мен аймүйіз сүлейлер серуендеген әуенді белдер; Көжота мен Керегетас, Секітас пен Қойтас, Айбау мен Нұржау, Қанай мен Томаршы, Қараөзек пен Алмасай, Бөктер мен Бөкен – күңіренген көне дүниенің күмбірі; Тарғын мен Тайынты, Ақшоқы мен Қараш, Қарақол мен Манат, Ұзынжота мен Түйемойнақ – Көжарлы Көжал Барақ, Бостан, Өтеміс Жолатай, Қаратай Тұматай, Андағұл Әлібек, Қоянжақ, Дәулет, Жолай, Өтей Бұланбай, Қаршыға Қабыл, Жарты Бөрте, Мамай, Маман, Қожаберген, Сабытай мен Әйекен, Терістаңбалы Найман Жәнібек, Қамыс, Есіркеп, Таңатбай, Жәмеке, Тортай, Есенгелді, Таймас, Қожагелді ұрпақтары: Айтқұл, Жарылғап, Сатыбалды мен Саты, Қарақ пен Жарақ, Байғара мен Қарабас, Жанғара мен Атығай, Қаракерей Қабанбай, Жұмық Дәулетбай, Бура Шүрек пен Қонақай, Матай Шөңкей мен Шәкәрім, Сыбан Шыңғожа мен Қасабай, Байғана мен Шағалақ, Өмір мен Тоқпан, Мұрын Боранбай мен Сәмет, Болатшы Кенже, Қожамбет Тоғанас, Шапырашты Наурызбай мен Үйсін Ботбай, Тама Есет, Арғын Шерубай, Тарақты Байғозы, Абақкерей Жәнібек пен Қотырақ, Қыпшақ Шорман мен Шекті Қабақ тағы да қаншама қазақтың бас батыр, хас батыр, жас батырларының іздері мен табандарының табы қалған – жортуыл-жорық жолдары.

Қазақтың кең байтақ сар даласының басқа жерлеріне қарағанда Күннің таңғы.арайлы шуағы әдеуір уақыт бұрын төгілетін – Шығыс Қазақстан елкесінің бай шежіресін жарыққа шығарып, ұрпақ игілігіне жарату мақсатында тоғыз таңбалы Найманның іргелі ел болып қалыптасу тарихымен қатар оның шығу тарихы бүрмаланып, теріс пиғыл туғызып, қате жазылып жүрген – Терістаңбалы, Бура, Көжарлы руларының шығу және жеке ру, тап болып қалыптасуы тұрғысында Республикалық ақпарат құралдарында соңғы зерттеулер мен ғылыми мағлұматтар жариялауды жоспарлап отырмыз. Келесі әңгімеміз киелі Найман елінің және оның бір тармағы Көжарлы бірлестігінің Бөрте атасының шежіресі төңірегінде болмақ.

## НАЙМАН МЕМЛЕКЕТІ

(немесе киелі ұлыстың қысқаша тарихы)

*«...Найман осал жау емес. Ол бұрынғы тайшұғыттарға да, татарларға да, сыралғы көрейге де, күнде барып киіп кететін меркіттерге де ұқсамайды. Найманмен айқасу үшін аяқты аңдып басу керек. Тарихтан ешкімге дес бермейтін, бұзалыққа көнбейтін бұл ел шалқасынан құлайтын шәргез жылқы секілді. Ол үшін айдаладан үйіріліп келіп құйындай тиетін қуатты қол керек».*

*Тұрсынхан Зәкенұлы  
«Көк бөрілердің көз жасы», 243-ші бет.*

Қазақ халқының құрамындағы байырғы тайпа, көне жұрттардың бірі – Найман. Найман туралы деректер оны әуелде Хинганнан Карпатқа дейін созылып жатқан Ұлы Даланың Ертіс пен Орхон өзендері аралығында ежелден көшіп жүрген тайпалар қатарында таниды. Ол – сонау жыл санауымызға дейінгі екінші ғасырлардан бастап дәуірлеп, Орта Азиядан Сары өзенге дейінгі байтақ аймақты жайлаған Хунну (ғұн) ұлысының, біздің жыл санауымыздың бастапқы ғасырларында қытай жазбаларында «теле» деген атпен әйгіленген байырғы киіз туырлықты қандас тайпалар қауымдастығының кесек бір сынығы. Әбілғазы жазуынша: «Наймандар – көне жұрттардың бірі, малы мен басы көп өскен халық». Бұл ел VI-VII ғасырлардағы айбынды Түрік қағанаты заманында дүниеге келген ата жазуымызда, Монғолиядағы қазақ ғалымы әрі қоғам қайраткері Қаржаубай Сартқожаұлының дәлелдеуінше «Байырқу», «Сегіз оғыз» тайпасы түрінде көрініс береді. Бірсыпыра ғалымдардың дәлелдеуінше «оғұз» сөзінің көне түркі тіліндегі бір мағынасы тайпа дегенге келеді («оқ» – тайпа, «з» – жиынтық сан есім). Ал «Найман» монғолша сегіз деген сөз. Сегіз оғұз жұртын әуелі «Найман аймақ» («сегіз тайпа») деп X ғасырда монғол тілдес қидандар атай бастаған екен.

Кейіннен монғол империясының дүниеге келіп дәуірлеуі бұл сөздің негізгі атау орнында қолданыла бастауына одан әрі жағдай жасаған еді. Зерттеушілер бұл тайпа X ғасырдан «Найман» деп атала бастаса да, XIII ғасырға дейін бұрынғы «сегіз» аты да қосарлана байқалып келгенін де ортаға тартады.

1977 жылы Тайваньда басылып шыққан «Цыхай» (Сөз теңізі) деген кітаптың 802-ші бетінде былай жазылған: «Найман деген сөз төркіні ежелгі дәуірдегі ру аты болып табылады. Олар түрік текті ру еді. Олар ертеде моңғолдарға қараған ру болатын, сол кезде де найман деп аталған. Осы аталған ру тарихтағы аса гүлденіп, дәурендеген кезде, қазіргі СУАР-ға қарайтын Тарбағатай өңірінде Жасақты хан деген атпен мәлім болған көсемдерінің бастауында, сол жерде хандық құрған. Ал, кейін келе солардың жалғасы ретінде Таяң хандық құрды. Ол кезде Шыңғыс ханмен қиян-кескі шайқастар жүргізіп, елін қорғады. Соңында жеңіліске ұшырап, Шыңғыс хан жағынан өлтірілді. Тұтас елі мен әскерлері Шыңғыс ханға қарады. Осыдан бастап наймандар әлсірей бастады».

Аталған кітаптың 1442-ші бетінде «Жасақты хан монғолдарға қарайтын рулардың бірінен шыққан. Оларды басқа бір деректе, Қалқа тауының батысындағы ел деп те атайды. Хан хандығы кезінде (б.з.б. 206-220 жылдар арасы) олар ғұндардың сол қол хандығына қарасты болған. Вый хандығы кезінде (220-280 жылдар аралығы – біздің дәуірде) Сәнбилердің оң қол хандығына бағынышты болған. Жин хандығы кезінде (1115-1234) Найман хандығы делінген».

2000 жылы Қытайда 74 томнан тұратын, сексен мың тарауды қамтыған «Қытайдың ірі энциклопедиясы» басылып шықты. Кітаптың «Найман» атты тарауында былай жазылған екен: «Наймандар XI және XII-ші ғасырларда Моңғолия үстіртінде жасаған Түрк текті ел. Қытайша оларды әр түрлі дыбысталу ерекшелігінде тарихи кітаптарда жазып, қытай таңбаларымен әр түрлі таңбалап келген. Олар ертеде қырғыздармен көршілес болған. Олардың Таң хандығы (XII ғасыр) кезінде оңтүстікке ауып көшкен қырғыздармен қандастығы бар. Лияу хандығы кезінде 1097-ші жылы, Найман ханы Жанбақ руының көсемі Тоқсан деген адам Моңғол жайлауынан аттанып, қасына Жоба, Молқы ру ақсақалдарын бастап Қарақытай патшасына тарту-таралғы апарған. Қарақытай хандығы құрып жоғалғаннан кейін Елтас деген адам өз алдына хандық құрып, Наймандарды бастап батысқа көшкен. Олар сол кезден бастап Батыс Лияу еліне тәуелді болған. Жин патшалығы тұсында 1175-ші жылы Найман

көсемі Солақай Жантас деген кісі мен Қаңлы руының көсемі Бөгу деген кісілер патшаға сәлемдесе келген».

Рашид-ад-диннің «Тарихнама» атты кітабында: «Найман жерінде Бетеге мен Найман деген екі түрк текті рулар жасаған. Бетеге руы Керей мен Найман руларынан да күшті ру еді. Кейін олар Наймандарға сіңіп кетті. Осы кезде Наймандардың саны он мың түтін болған еді» – деп жазылыпты.

Кезінде Жапон теңізінен Шығыс Түркістанға дейінгі байтақ өңірді қоластына бағындырып, Наймандарға да біраз уақыт билік жүргізген Лияу әулетінің (Ұлы Қидан мемлекеті) тарихы туралы жазылған жылнамаларда (X ғасыр) Наймандар батысында (Ертістен ары) Қаңлы, Қыпшақ; шығысында (Орхон, Тола, Оңғын өзендерінің алқабы) Керей, Меркіт; теріскейінде (Селенгенің салалары) Қырғыз; оңтүстігіндегі Ұйғыр, Таңғұттармен шекаралас, қоңсылас болғаны айтылады.

XII ғасырдың басында Ұлы Қидан (Лияу) мемлекеті ыдырап, қидандардың біраз бөлігі Жетісу мен Орта Азияға өтіп, Қарақытай мемлекетін құрғаны белгілі (1140-1213 жж.). Олар кейінірек жергілікті халықтарға сіңісіп кетті. Ал, сол ғасырдың соңына таман Оноң, Керулен алқабын жайлаған тайпалардың арасынан Темужин (Шыңғыс хан) сынды жас көсем бастаған Қият тайпасы лау етіп көтеріліп, «тарыдай шашыраған монғолдың басын қосып» аз уақытта-ақ маңындағы елді ұйыстыра алған Монғол мемлекетіне айналды. Монғолиялық қазақ ғалымы И. Қабышұлы Темужинге Шыңғыс (Жеңіс, Женгіз) деген есімді еншілеген сол кездегі Керейлердің ханы Торы (Торғыл) екенін айтады. (Торыны оған қытайлар берген «Уаң», яки бір елдің әміршісі лауазымы бойынша Уаң хан деп те айтады). Өзі үлкен бір елдің билеушісі әрі әкесі Есукейдің аңдасы болғаннан кейін Торы бұл есімді «жақсы тілек, жарым ырыс» қылып айтса айтқан шығар. Алайда Шыңғысхан шапқан сайын төске өрлеп, маңайындағы Татар (тата, тетан) мен Қоңыратты қоластына бағындырып алғаннан кейін, Керей елінің өзіне ауыз салды. Әкесіндей болған Торыны (Уаң ханды) туған жерінен бездіріп, ақыры ол Найман қаруылдарының қолынан кездейсоқ қаза тапты.

Темужиннің әкесі Есукей батырдың тұсында Найман елін Инаның Білгі Бұқа қаған билеген еді. «Инаның» – сенімді, «білгі» -білгір, кемеңгер деген сөз. Сол Инаның Білгінің заманында Наймандар Қидан мемлекетінің (Қарақытайлардың) қарамағынан құтылып, бостандық алады. Ол өлгеннен кейін Найман ұлысы екі баласы Бұйрық пен Тайбұқаның (қосалқы аты Тай, Таяң, Қидандар оған

Дауаң – «үлкен әмірші» деген атақ берген, сол сөз келе-келе Таянға айналған) таласына түседі. Ақыры ағайынды екеуі арасындағы араздық ұлысты екіге бөліп тынады. Тай хан үлкені болғандықтан әкесінің орнында жазық аймақты, Бұйрық таулы өңірді мекендейді.

Наймандар мен Шыңғыс хан әскерінің алғашқы шайқасы 1199 жылы Аптай өңіріндегі Үліңгір көлінің маңында өткен еді. Онда Шыңғыс керей ханы Торының шақыруымен одақтас ретінде көмекке келген. Сол жолы Бұйрық хан ойсырай жеңіліп, өзі Енесей қырғыздарына қашып құтылады. Арада үш жыл өтпей жатып, олар тағы да шайқас даласында бас қосқан. Уаң ханның тізе қоса қимылдауы Бұйрық ханның ойсырай жеңілуіне мәжбүр етті. Ол басын өзер сауғалап, тағы да қашып құтылады.

Бұдан кейін Шыңғысханның Керейлермен жауласып, Торы ханның (Уан ханның) түбіне жеткенін жаңа айттық.

Оны өлтірген Бұйрық ханның ағасы Таян ханның жасауылдары болатын. Сол хабарға көзі анық жеткен Таян бойын ашу-ыза көрнеп: «Күншығыстағы аз монғол қыр көрсететінді шығарды. Атасынан асыл жаралған Уаң ханды алуан түрлі қырмен қорқытып, бездіріп, өлімге душар етті. Сөйтіп олар бәрін иеленіп, хаған болмақшы ғой тегі? Күн мен Ай аспанды үнемі жарық етіп тұру үшін жаратылған болар. Ал, жерде екі хаған бола алмайды. Ендеше сол аз монғолды байлап әкелейік», – дейді. Сонда Таян ханның кіші шешесі Кербез: «Қайтпексің, ол монғолдар қоңырсыған иісті, қомыт-қомыт киімді емес пе, әкеліп қайтесің. Аулақ жүргенің жөн ғой. Тек өңі түзу қыз-қатындарын әкеліп, қол-аяғыңды жуындыртып, мал сауғызса жетпей ме», – дейді («Монғолдың құпия шежіресі»).

Тай хан маңайындағы әлі де монғолдарға бағына қоймаған меркіт, қатаған, дүрбүт тайпалары мен татарлардың біраз бөлігінен одақ құрып, Шыңғыс ханға қарсы жарыққа қамданады. Алайда бұл хабарды алысымен Шыңғыс ертерек қимылдап, одақтастар әскеріне тұтқиылдан шабуыл жасап, оларды тас-талқан етеді. Тай хан соғыста қаза табады. Осыдан кейін бүкіл Найман елінің қонысы түгелімен монғолдың қоластына қараған. «Құпия шежіреде» Тай ханның кіші шешесі Кербез (Күрбесу) ханымды Шыңғыс хан алдына әкелдіріп: «Сен монғолды сасық депсің ғой. Қандай екен?» -деп, өзіне тоқал етіп алғандығы айтылады.

Қанаттас отырған ірі көршілері Наймандар мен Керейлерді осылайша жеңгеннен кейін бұл өңірде енді Шыңғыс ханды тоқтата алатын күш те қалмаған еді. Аз уақытта ол қазіргі монғол жеріне сәйкес келетін аймақты түгел бағындырып алды. 1206 жылы киіз туырлық-



ты көшпелілер Онон өзенінің жағасында құрылтайға жиналып «тоғыз сирақты ақ ту көтеріп», Шыңғысты Монғол империясының Ұлы ханы етіп көтерді.

Тарихшы И. Қабышұлы сол империя құрылар қарсаңында монғолдар 200 мың, керейлер 600 мың, Наймандар 800 мың болған екен деген дәйек айтады.

Дегенмен, Наймандар өзара қайшылықтардың кесірінен Шыңғыстан жеңілмей тұрғанда түрік тектес ұлыстар ішінде мықты мемлекет болғандығы тарихтан белгілі. Наймандар VII ғасырдан XIII ғасырға дейін жеке хандық (мемлекет) құрған бірден-бір ұлыс. Атақты билеушілері, өз заманына сай мәдениеті мен мәдени орталығы саналатын біршама тас қалалары болған. Олар Шыңғыс ханмен болған соғыстарда қираған. Әйгілі ғалым, академик Әлкей Марғұланның айтуынша, Наймандардың оңтүстік Алтайдағы бір қаласы «Ақбалық», енді бірі Шам өзені бойындағы қаласы – «Шамбалық», Жоңғар Алатауындағы қаласы «Кіші Талас» (Кеми Талас), Наймандардың батыс Монғолиядағы ордасы, әкімшілік, сауда орны «Найман сүбе» қаласы, Жоңғар тауының төңірегіндегі тағы бір қаласы «Тарсакент» деп аталған (Ә. Марғұлан. Таңбалы тас жазуы. – Жұлдыз, 1984.-№1).

Ұлы ғалымның айтқандарын растағандай-ақ жазушы-ғалым жерлесіміз Тұрсынхан Зәкенұлы өзінің «Көк бөрілердің көзжасы» атты атақты кітабында Найманның көне тарихынан мағлұмат бере келе: «Расында, Найман ұлысы бұл кезде маңайдағы Монғол, Қырғыз, Керей, Меркіт, Уақ ұлыстарының қай-қайсысынан бетер күшейіп, құдірет тапты. Себебі, оның батыс қабырғасы Қаңлылар арқылы Сартауылмен, батыс-түстігі жайма кекіл Қара Қидан елімен түстігі Бұлыңғыр және Қашын патшалығымен тұтасып жатты. Олардың көбі Араб мәдениеті арқылы Әпірең мәдениетімен, бір бөлігі Үнді және Орта Жазық мәдениетімен аралас-құралас болып келе жатқан белді мемлекеттер еді. Бұл күндері Найман елі осы елдердің бәрімен сауда керуендер, елшілер тобы арқылы жиі-жиі байланысып тұратын. Наймандар жерге жақын ел еді, ақ боз үйден гөрі қара жерді қамырша илеп, тас құйып, там соқты. Қолөнерін өркендетті.

Ел жайлауға көшкесін жатақшы жұрттар күнгей беттегі жауын суы мол күн нұры шағыршақты келетін қобы-қобыға, бұлақ судың бойына арпа-бидай егіп, оны мал өтекке түскенше жиып-теріп, бастырып алып отырды. Тары өсіп беті жалаңаш қалған жерлерге күздігүні отар-отар мал қоралатып, қи байланған соң көшті. Қысқасы, жер жағдайын жақсы білді. Наймандарға қарасты Алтайдағы

Ақбалық, жаз жайлаудағы Найман-сүбе, қыстық ордасы Қарабалық секілді тас қамалды қалалар түгелдей атақты Инаныш Білгі баһадүрдің тұсында бой көтеріп еді. Сол қалалардың тұруына әлгі аталған елдерден келген шеберлердің де қолтаңбасы түсті.

Шет-шегі жоқ қиыр даланы қуалап, әлденеге кездесер екенбіз деп әуейілікпен жол тартқан кезбе саяхатшылар жел айдаған қаңбақтай болып мұнда талай келген. Дүниенің ол шетінен бұл шетіне жалықпай жол тартқан олар алыстан бой көтеріп тұрған ханқорған мен түрі-түсі өзгеше зәулім сарайды көргенде «қайда келіп қалдық?» деп таң-тамаша болысатын», – деп жазған екен (Көк бөрілердің көз жасы, 19-20 бб.).

Наймандар ерте кезде орхон жазуың, одан кейін көне ұйғыр жазуын қолданған сауатты ел болған.

Алтай алқабының Нақу гуң тауында Найманның Таян мен Күшлік хандар бастаған қосыны Шыңғыс хаған әскерлерінің қоршауында қалғанда «Таян хан елінің бір адамы тұра қашады. Қасар оны «тірі ұстап әкел» деген соң, Баты қуып жетіп, тірідей ұстап әкеледі. Байқаса, қойнында мөр (таңба) бар екен. «Сендердің тайпаларыңның бәрі (әскердің барлығы) бізге қарағанда, сен мынаны қойныңа тығып алып қайда бармақсың?» – дейді. Сонда ол: «Мен шыбын жаным шыққанша бұйрықты орындауға тиіспін. Мына мөрді бұрынғы иесіне табыс етейін деп едім. Бақытсыздықтан ұсталдым», – дегенде, Қасар: «Өзің қай русың? Қандай мансабың бар еді?» – деп сұрайды. Сонда ол: «Менің ата-тегім Ұйғыр еді. Есімім -Тататұнға. Менің қожайыным бұл мөрді маған өткеріп, азық-түлік жинау және оны жұмсау ісін маған міндеттеген-ді», – дейді. Қасар тағы да: «Бұл мөрді неменеге керектенуші еді?» – деп сұрағанда, ол: «Абзал адамды сайлап, жарлық шығару тәрізді әр түрлі іске пайдаланады», – дейді. Оның жауабына разы болған Қасар «нағыз адал адам екен» деп Темужинге (Шыңғыс хағанға С.Қ.) таныстырып, нендей бір хат-қағаз жүргізгенде қолдану үшін әлгі мөрді қайтадан Тататұнғаға береді. Қасар Тататұнғаны ұстаз тұтып, хат-қалам, заң-ереже, әскери саясат қатарлы сабақ үйреткізіп, көп кешікпей өзі біліп алады (Монғолдың құпия шежіресі, Алматы: Өнер, 1998. – 130-бет).

Бұдан 765 жыл бұрын – 1240 жылы – жазылған кітап жолдарынан түсінеріміз: монғолдар, – атап айтар болсақ, -Шыңғыс хаған мен оның туған інісі Қасар да (көне монғолша Шошы Қасыр) көне ұйғыр-Найман жазуын Наймандардан үйреніпті де, соңынан Шыңғыс хаған Тататұнға өкелген Найманның Таян ханының мөріне қарап өзінің

атақты Хасбу таңбасын – Шыңғыс қағанатының белгі мөрін жасатса керек.

Тарих ғылымдарының докторы, профессор Мұратхан Оразбай осы оқиға туралы былай жазады: «Тататұңға Найман руынан шыққан ғалым. Ол кезінде Найман хандығына мемлекеттік хатшы болған адам. Атақты Таян хан тұсында ол хандық басқару жүйесін құрып, ел билеудің тамаша дәстүрін қалыптастырған. Күнделікті хан ордасының мемлекет жұмыстарын, үкімет жұмыстарын хатқа жазып сақтаған. Кейін Найман хандығының жеңіліске ұшырауы салдарынан ол Шыңғысханға бағынып, Моңғолдарға Найман жазуын үйреткен болатын. Ең алдымен Шыңғысханның інісі Хасар осы жазуды үйренген делінеді деректерде. Содан бастап Найман жазуы, Шыңғысханның хандық ордасының күнделікті естеліктерін хатқа түсіріп отырған. Атақты «Құпия шежіре» кітабы да осы жазумен (Найман жазуымен С.Қ.) жазылғандығы тарихи деректерден белгілі. Қытайда жасайтын Моңғолдар сол жазудың сәл өзгерген нұсқасын әлі күнге дейін қолданып келеді. Атақты шыңғыстанушы ғалым, Моңғолия Республикасының академигі болған Натцик Доржы марқұм, 1990 жылы Түркияда Моңғол тарихын және Шыңғысханды зерттеу ғылыми сапарында «Мандухай Шушан» атты, 1988 жылы аталған жазумен (Найман жазуымен – С.Қ.) баспадан шыққан кітапты, маған сыйға тартқан еді. Сол кітапты маған беріп тұрып, «бұл кітап сонау ортақ аталарымыз саналатын Шыңғысхан заманында атақты Тататұңға қолданған Найман жазуымен жазылған, Сізге естелік болсын» - деп, қолтаңбасын қалдырды. Бұл кітапты мен әлі күнге дейін сақтап келемін (Найман Мемлекеті. «Қазақ батырлары» №7, шілде, 2004 ж.).

Аса білгір, заңғар тарихшының бұл еңбегіндегі тың деректер ертеде Найман хандығының жоғары мәдениетті, терең сауатты және салауатты ел болғандығынан нақты мәлімет беріп тұрғандығы бізді мейлінше қуантып, ғалымға деген шын ризашылығымызды еселей түспек.

Жоғарыда аталған «Қытайдың ірі энциклопедиясында»: «Наймандар ерте кезден бастап аса күшті ел ретінде тұтас Моңғол үстіртінде танылған болатын. Олар жәй рулық күйде емес, керісінше, мемлекеттік басқару жүйесінде тарих сахнасынан орын алған.

Олар елбасын Таян хан деп атаған ертедегі түркілерге тән дәстүрін сақтаған ел болатын. Олар жазуды мемлекет ісінде қолданған ел Таңбаларына «астық пен ақшаны сақтауға, дарындыларды жұмысқа алуға, барлық мемлекеттік істе осы таңба қолданады»

деген Найман жазуы. жазылған алтын таңбаны қолданған ел» – деп қадап жазылған жолдар бар.

Мінеки, осы мысалдардың барлығы XVII-XVIII-ші ғасырлардағы Ұлы Даламызды шарлап, біздің шыққан тегімізді анықтағысы келген орыс оқымыстылары мен олардың қазақ халқының тарихын бұрмалауға арналған қисық сүрлеуіне түскен өз тарихшыларымыздың да «Наймандардың тегі моңғол, ертеде олар моңғолдың бір руы болған» – деген болжам-пайымдауларының мүлде қате екендігін дәлелдейді.

Наймандар – қазақ руларының ішінде әлі күнге дейін ерте замандарда қолданылған атпен жасап келе жатқан аса кесек рулардың бірі екендігі дау тудырмайтын құбылыс.

Олар бұрын да, қазір де жан саны өте көп, Қазақ атты киіз туырлықты халықтың әр кездерде қабырғасын жапқан ірі ұлыс екендігіне ешкімнің таласы жоқ.

Тарихи деректерде Наймандар мен Керейлердің несториан дінін (христиан дініндегі бір ағым) ұстанғаны айтылады. Найманның Күшлік ханы Қарақытай мемлекетінің билігін өз қолына алып, осы елдің гөрханы (Ұлы ханы) Жилугудің қызы Күнкеге үйленгеннен кейін несториан дінінен шығып, будда дініне (пұтқа табынушылық) кіреді. Ол кезде Қарақытай мемлекетіндегі жұрттың дені мұсылман дінін ұстанатын болғандықтан Күшлік хан тарапынан олар «не несториан, не будда дініне кірсін» деген зомбылық талаптар қойылып тұрған көрінеді. Өзіне мұсылмандарды қарсы қойып алған Күшлікті Қарақытай еліне жетісімен баршаға дін, сенім бостандығын жариялаған Шыңғыс ханның атақты қолбасшысы Жебе ноян асқан қиындықсыз-ақ жеңеді.

Алайда, Найман мемлекеті күйрегенімен халқы түгелімен қырылып қалмаған. Кейінгі жылдарда олар әр тұста тарих сахнасынан көрініс тауып отырғанын ғалымдар кеңінен жазады. Мысалы, Шыңғыстан ығысып Орта Азия өңіріне қоныстанған Наймандар XV ғасырдың соңында Мұхаммед Шайбани ханның ықпалында болды. XVI ғасырда Марьға Найманнан шыққан Қобыз би, Жолым билер әмір жүргізді. Найман Назыр би Балхты биледі. Нұраталық көшпелілерді Найман Ахмет Әлі басқарды. Шайбани тұқымы Бабаханның бір әскербасы Найман Жан-Мұхаммед би болған. Шежіреші Әбілғазы Найман Сопымырзаның 1604 жылы оның әкесі Араб Мұхаммедханды өлтіру үшін қастандық ұйымдастырушылардың бірі болғанын тілге тиек етеді. Осы мысалдардан-ақ Наймандардың Орта Азия аймағында қабырғалы күштердің бірі ретінде өрекет еткенін байқау

қиын емес. Бұл Наймандар бірте-бірте жергілікті халыққа сіңісіп, өзбек, қарақалпақ қауымдастығының бір тармағы болып кетті. Өзбектерде Қазақ Найман, Қарақалпақта Бағаналы, Терістаңбалы, Қырғыздарда Бүйе Найман, Мырза Наймаң Жуанбұт Найман руларының кездесуі сол араласудың бір белгісі болса керек.

Қазақ Наймандары 1720 жылдардағы Жоңғар шапқыншылығынан кейін Орталық Қазақстандағы Тоқырауын алқабынан Алтай мен Жоңғар тауларына дейінгі аралыққа орналасты. Ғұлама ғалым Мұхамеджан Тынышбайұлының айтуынша Наймандардың 1810 жылы Қарқаралы мен Шыңғыстауды тастап оңтүстікке қарай сырғуы олардың соңғы қоныс аударуы болған еді. Осы тарихшы Наймандардың саны 1917 жылдың қарсаңында Бұқара мен Қытайдағы руластарын қоспағанда 830 мың адам төңірегінде деп көрсетеді.

Басын аша кететін бір мәселе, ол ел арасында кең тараған қария сөздерде қазақтың қара шежіресінің үрдісіне лайық бар Найман жұрты бір діңгектен – Найман есімді түп бабадан тарқатылып жаттыны. Өзін Найманбыз дейтін бар руды (олардың арасында баяғы аумалы-төкпелі аласапыран замандарда басқа елдерден келіп сіңіскен жат жұрттар бар болса да) сол «Шалдан» ғана тарқатып қояды. Ал тарихи деректерге сүйенсек, «Найман» – қазақ шежірелерінде айтылатындай жеке адамның аты емес. Сөз басында көрсетіп өткеніміздей, ол «Сегіз оғұз» деген ел атының моңғол тіліне аудару арқылы сіңіскен атауы.

«Найман» атауының шығу тарихы төңірегінде айтылып жүрген, жазылып жатқан нұсқа-болжамдар көп-ақ. «Тарихқа жүгінсек, Наймандардың осында ел болып, етек жиғанына да бірталай заман болған-ды. Тегінде «Сегіз оғыз» болып, Алтайдан Ханғайға дейінгі сегіз судың бойын жайлаған олар, келе-келе «Найман» аталып, атағы жеті жұртқа кеткен еді» (Т. Зәкенұлы. Көк бөрілердің көз жасы. – 6 б.). Мінеки, бұл да сол көп нұсқалардың бірі ғана.

Дана халқымыз «шындық көп, ақиқат жалғыз» дейді. Осы сөздерге зейін қоя отырып, тоғыз таңбалы қалың Найман елінің бір діңгектен – Найман есімді жалғыз «Шалдан» тарқатылып жатпайтындығы жайында келтіре берсек мысал көп-ақ. Осы біздің заманымызда халқымыздың қабырғалы жазушы-ғалымдарының бірі саналған, марқұм Нығмет Мыңжанұлының 1987 жылы ҚХР Шыңжан халық баспасынан шыққан «Қазақтың қысқаша тарихы» атты кітабында былай делінеді: «Наймандар – ежелгі түркі тілдес ұлыстардың бірі. Олар ежелгі заманда-ақ Ертіс өзенінің батыс жағындағы таулы өлкені мекендеген. Наймандар ерте кезде Ертіс өзені

мен Орхун өзені аралығын мекен еткен түркі тілдес көшпелі тайпалардың одағы ретінде жарыққа шыққан. Бұл одақ ерте кезде түркі тілінде «сегіз-оғұз» тайпалары деген атпен аталған. Ежелгі ханзу тіліндегі жылнамаларда «Жұй-бу», «Че-бу» (жұй ұлысы яки че тайпалары) деген ортақ атпен аталып жүрген. Лиану әулетінің жылнамаларында (Лиану патшалығында) бұл тайпалар «Найман» деген атпен аталады. Кейбір зерттеушілер: монғол тілдес қидандар, сірә, оларды түрікше «сегіз тайпа одағы» (сегіз-оғыз) деген мағынаға теңдестіріп «Найман» деп атап кетсе керек деп топшылайды. «Сегіз-оғыз» аталған Найман тайпалар одағы (түрікше сегіз тайпа одағы) VIII ғасырдың орта шенінде жоғарғы Ертіс пен Орғұн аралығында жасап, Ханғайдан Тарбағатайға дейінгі жерді алып жатты. X ғасырда, Лиану патшалығы тарихи деректеріне сәйкес, мұнда жауынгер көшпелі тайпалар мекендеген. Олар деректемелерде сызу-бу деген ортақ атпен аталады да, негізгі үш топқа: солтүстік, батыс солтүстік және батыс топқа бөлінеді. Лиану әулеті басқарған кезеңде «Найман» аты пайда болады.

Абахан өзені бойындағы Ашурадан табылған орхон жазуы жазылған таста Найман елінің тарихы суреттелген. Онда: «Ел ұлысы Инаның Білгі (Бұқа хан) оғлы аты Күш Оры Оғлан, ератыңыз Өзбек, еліңіз ушун қазғану... яғыға тегмиш сутеги, ети бың оғлан ерти» деп жазылған. Бұл қазіргі қазақ тілінде «Ел атыңыз өзбек, еліңіз үшін күресіп ... жауына тиіскен әскерлеріңнің тегі жеті мың ұлан еді» деген сөз. Бұл ертедегі қазақ тілінде жазылған көне мәдениет куәліктерінің тасқа басылған таңбалары «тегінде Наймандар монғол тілдес тайпалар еді» дейтін дауларды жоққа шығарады» (Қазақтың қысқаша тарихы, 165, 170-171 бб.).

Наймандардың монғол тілдес ел болмағандығын көптеген оқымыстылар дәлелдеген. Мысалы, әйгілі тарихшы Рашид-ад-дин Найман, Керей, Меркіт, Қырғыз, Қыпшақ сияқты тайпалардың дербес мемлекет құрғанын, олардың монғолдарға мүлде қатысы жоқ түркі тектес тайпалар екенін ашық жазады (Сборник летописей, 1-том, 1-бөлім, 126-бет, М-Л. – 1952).

Ал, 1246-жылы Күйік ханның (Шыңғыстың үшінші ұлы Үгедейдің баласы) Қарақорымдағы ордасында болған атақты саяхатшы Платано Карпини Монғол империясынан көп бұрын монғол тектес тайпалардың Найман мемлекетіне салық төлеп тұрғанын жазған (Путешествия в восточные страны Платано Карпини и Рубрука. – Москва, 1957. – 38-бет).

Н. Аристов, Г. Ховорс, П. Пауха, С. Мураяма, С. Аманжолов, Л.Л. Викторова, М.С. Мұқанов, Қ. Сартқожаұлы сияқты ғалым-зерттеушілер Найманның түркі тектес екенін бұлтартпас айғақтармен дәлелдеп берген еді. Расында да, Наймандардың төрт құбыласын бірдей түркі тектес тайпалардың (шығысында – Керейлер, солтүстігінде – Қырғыз-Хақастар, батысында – Қаңлылар, оңтүстігінде – Ұйғырлар) қоршап жатуы, оларды «монғол тектес тайпа еді» деп келетін пікірдің қисынсыз екеніне дәлел болса керек.

Мінеки, Найман ұлысы туралы көнеден жеткен жазба мұралар мен тарихи деректерді көктей шолып, түйіндей айтқан ойымыздың жосығы осындай.

Ақиқатқа жүгінер болсақ, ел арасында кеңінен тараған қария сөздердегі және қазақтың қара шежіре үрдісіне лайық бар Найман жұрты бір діңгектен – «Найман» есімді түп бабадан тарқатылып жататыны мүлде дұрыс емес. Найман – VIII ғасырдың басында қауымдасқан «Сегіз-оғыз» деген атпен мәлім болған тайпалар одағының атауы. Мәселені осылай түсінсек – ақиқаттан алшақ кетпегендігіміз болмақ.

Бұл мәселе жайында қазақтың этникалық мәдениетіне, фольклоры мен этнографиясына ден қоя зерттеп жүрген белгілі қаламгер-ғалым Ақселеу Сейдімбек «Қазақ әлемі» атты кітабында мынадай түсініктеме беріпті:

«...Осы ретте, тарихи нақтылы айғақ-дерек пен ауызша шежіренің арасында сәйкес келе бермейтін тұстардың бар екенін ескерте кеткіміз келеді. Мәселен, тарихи айғақ – деректе «Найман» сөзі нақтылы кісінің есімі емес, тайпаның атауы болса, ауызша шежіре Найманды тарихи адам ретінде таратады, мұндай мысалдарға дәлелді ауызша тарихнаманың (ДАТ) төл ерекшелігі ретінде қараған жөн. Ауызша әңгіменің және оны тыңдаушылардың көбінесе нақтылы адам өмірін бірінші кезекке шығарып отыратын өз дәстүрі бар. Сондай-ақ, шежіре сөздің көп вариантты болып келуі де – табиғи құбылыс. Яғни, нақтылы айғақ-дерек пен ауызша шежірені шендестіре отырып, шын тарихымызды тану – ғылыми зерденің міндеті.

Рас, ауызша жеткен шежірелердің де берер дерегі айрықша бағалы. Ондай деректер көбінесе тарихи тұлғаларымыздың өміріне, мінез-бітіміне, айтқан сөздеріне, әрекет-тірлігіне, араласқан ортасына қатысты болып келеді. Сонымен бірге, ғасырлар қойнауында қалған оқиғалардың эмоциялық әсері суымастан, тарихи шындығы бұрмаланбастан (себебі этностың жады жеке адамдарға өтірік айтқызбайды) ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырған. Сөз жоқ, мұндай қаси-

ет көшпелілер мәдениетінің ерекше айғағы ретінде ден қойғызуға тиіс» (Қазақ әлемі. – Алматы: Санат, 1997, 39-шы бет).

Бұл мысал да, Найман атауының жеке адамның есімі еместігінің тағы бір айғағы.

Қазақ шежіресі Наймандардың ата жігін әлденеше нұсқада баяндайды. Оларда айтылатындай, Қазақтан тараған Жанарыстың (Орта жүз) бір баласы Найманнан – Тоқпан, Белгібай атты екі ұл туған.

Елатаның (Елтай) Серікбайынан – Кел Бұқа мен Кет Бұқа. Белгібайдан-Сүгірші, Сүйінші (Шүйінші), Өтеген. Сүйіншіден – Қытай, одан Төлегетай – Қаракерей, Төртуыл Садыр, Матай. Өтегеннен – Асан – Қарауылжасық. Сүгіршіден – Төлеген – Ұлан батыр – Қарақожай – Сарман, Сарманай, Сары. Сарманнан – Бақанас (Бура), Бақы (Көюкарлы) тарайды.

Шежіренің тағы бір нұсқасында Сүгіріштен – Ертекті, Бағаналы, Балталы. Ертектіден – Бура, Көюкарлы, Саржомарт рулары тарайды делінген. Бұл нұсқа мүлде қате құрастырылған.

Тарбағатай аймағының Шәуешек қаласында өмір сүрген әйгілі тарихшы және қазақ шежіресін көп жинаған «Қазаннан тарап, қазаққа қызмет еткен» дейтін Құрбанғалы Халидұлы 1910 жылы Қазан қаласында басылып шыққан атақты «Тауарих Хамса» («Бес тұлғалы тарих») атты кітабында Найман тайпаларының шежіресін былай баяндайды: «Найман, одан – Сүгіріш, одан – Төлегетай – Қытай -Қаракерей, Матай, Төртуыл дей келе ары қарай Қаракерей руын толық таратып әкетеді.

Бұл шежірелердің ұзын сарыны ұқсас, бірақ шежірені айтушы (нө жазушы) қайсы рудан болса, сол рудыкі толығырақ айтылатын, басқасы көмескілеу қалатын әдет бар. Өйткені, айтушы адам шежірені өзіне дейін әкелуді әдет еткен, «қазаншының өз еркі қайдан құлақ шығарса да» деген мақалды бекем ұстанса керек. Бұл – ескі әдет.

Енді бір айтушылар тоғыз таңбалы Найманға мыналарды жатқызады: Қаракерей, Матай, Төртуыл Садыр, Бағаналы, Балталы, Ергенекті, Терістаңбалы, Шүршейіт. Бұл кестеде жіберілген қателіктер бар. Біріншісі: Терістаңбалы елін екіге бөліп қойған – «Терістаңбалы» және «Шүршейіт» деп. Шындығы, бұл – бір ел! Қазіргі ғылыми айналыста жүрген тарихи дерекнамаларда бұлар тек «Терістаңбалы Наймандар» деген атпен мәлім және қалың Найман жұртының ноқта ағасы саналады. Шежірешілердің үлкен іргелі бір елді екіге бөлу қателіктері, меніңше, сонау 1220 жылдары Терістаңбалы